

**ISSN: 1814 - 6961**

**E-ISSN: 2788-9718**

# **ОТАН ТАРИХЫ**

## **ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ**

**Үш айда бір рет шығатын ғылыми журнал**  
**2021, № 2 (94)**

**2 /2021**

## **Бас редактор**

Қабылдинов Зиябек Ермұханұлы

### **Редакциялық алқа**

*Абдырахманов Толобек Абылович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, И. Арабаев атындағы Қырғыз Мемлекеттік университетінің ректоры (Қырғызстан).*

*Аяған Бүркітбай Ғелманұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары (Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан).*

*Әбусейітова Меруерт Қуатқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі. Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының тарихи материалдарды зерттеу жөніндегі республикалық орталығының директоры, ЮНЕСКО-ның «Ғылым және руханият» кафедрасының меңгерушісі (Алматы қ., Қазақстан).*

*Әбіл Еркін Аманжолұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Мемлекет тарихы институтының директоры (Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан).*

*Әжіғали Серік Ескендірұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Шығыс елдері архитектурасы Халықаралық академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері (Алматы қ., Қазақстан).*

*Әлімбай Нұрсан – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік музейінің директоры (Алматы қ., Қазақстан).*

*Жұмағұлов Қалқаман Тұрсынұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Дүниежүзі тарихын зерттеу орталығының» директоры, Геттинген университетінің (Германия) құрметті профессоры (Алматы қ., Қазақстан).*

*Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Италияның Болонья Ғылым Академиясының мүше корреспонденті, ҚР Ұлттық музейінің физикалық антропология лабораториясының меңгерушісі (Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан).*

*Кудряченко Андрей Иванович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Украина Ұлттық ғылым академиясының Дүниежүзі тарихы институтының директоры (Украина).*

*Көмеков Болат Ешмұхамедұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Қыпшақтану Халықаралық институтының директоры, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық Ұлттық университетінің профессоры (Алматы қ., Қазақстан).*

*Любичанковский Сергей Валентинович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Орынбор Мемлекеттік Педагогикалық университетінің Ресей тарихы кафедрасының меңгерушісі (РФ)*

*Мұхтар Әбілсейіт Қапизұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, «Сарайшық» Мемлекеттік тарихи-мәдени қорығының директоры, (Атырау қ., Қазақстан).*

*Петер Финке (Dr. Peter Finke) – PhD, Макс Планк атындағы Институт, Цюрих университеті (Швейцария)*

*Сыдықов Ерлан Бәтташұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры (Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан).*

*Уяма Томохико – PhD, Хоккайдо университетінің Славян-Еуразиялық зерттеулер орталығының профессоры (Жапония).*

### **Жауапты редактор**

Құдайбергенова Айжамал Ибрагимқызы

### **Ғылыми редактор**

Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы

### **Жауапты хатшы**

Мурзаходжаев Қуаныш Мәдиұлы

### **Техникалық хатшы**

Зикирбаева Венера Серікқызы

**Главный редактор**  
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

**Редакционная коллегия**

*Абдырахманов Толобек Абылович – доктор исторических наук, профессор, ректор Кыргызского государственного университета имени И. Арабаева (Кыргызстан)*

*Абусеитова Меруерт Хуатовна – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Республиканского центра по изучению исторических материалов Института востоковедения имени Р.Б. Сулейменова, заведующая кафедрой ЮНЕСКО «Наука и духовность» (г. Алматы, Казахстан)*

*Алимбай Нурсан – кандидат исторических наук, профессор, директор Центрального государственного музея Республики Казахстан (г. Алматы, Казахстан).*

*Абиль Еркин Аманжолович – доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства (г. Нур-Султан, Казахстан)*

*Аяган Буркитбай Гелманович – доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства, (г. Нур-Султан, Казахстан)*

*Ажигали Серик Ескендирович – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Международной академии архитектуры стран Востока, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова (г. Алматы, Казахстан)*

*Жумагулов Калкаман Турсынович – доктор исторических наук, профессор, почетный профессор Гёттингенского университета в Германии, директор Республиканского научно-исследовательского центра по изучению всемирной истории Казахского национального университета имени аль-Фараби (г. Алматы, Казахстан)*

*Исмагулов Оразак Исмагулович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской АН (Италия), заведующий лабораторией физической антропологии Национального музея РК. (г. Нур-Султан, Казахстан)*

*Кудряченко Андрей Иванович – доктор исторических наук, профессор, директор Института всемирной истории Национальной академии наук Украины (Украина)*

*Кумеков Болат Ешмухамбетович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Алматы, Казахстан)*

*Любичанковский Сергей Валентинович – доктор исторических наук, профессор, заведующий кафедрой истории России Оренбургского государственного педагогического университета (Россия)*

*Мухтар Абилсейит Капизулы – доктор исторических наук, профессор, директор Государственного историко-культурного музея-заповедника «Сарайшық» (г. Атырау, Казахстан)*

*Петер Финке (Dr. Peter Finke) – доктор PhD, Институт Макса Планка, университет Цюриха (Швейцария)*

*Сыдыков Ерлан Батташевич – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Нур-Султан, Казахстан)*

*Уяма Томохико – PhD, профессор Центра славянско-евразийских исследований Университета Хоккайдо (Япония)*

**Ответственный редактор**  
Кудайбергенова Айжамал Ибрагимовна

**Научный редактор**  
Козыбаева Махаббат Маликовна

**Ответственный секретарь**  
Мурзаходжаев Куаныш Мадиевич

**Технический секретарь**  
Зикирбаева Венера Сериковна

### Chief editor

Kabuldinov Ziyabek Yermukhanovich

### Members of editorial board

*Abdyrakhmanov Tolobek Abylovich – doctor of historical sciences, professor. Rector of I. Arabaev Kyrgyz State University (Bishkek, Kyrgyzstan)*

*Abuseitova Meruert Huatovna – doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of National Academy of Science Republic of Kazakhstan, Director of the Republican Center for the Study of Historical Materials of the Institute of Oriental Studies named after R.B. Suleimenov, Head of the UNESCO Department “Science and Spirituality” (Almaty, Kazakhstan)*

*Alimbay Nursan – candidate of historical sciences, professor; Director of the State Museum Republic of Kazakhstan (Almaty, Kazakhstan)*

*Abil Yerkin Amanzholyuly – doctor of historical sciences, professor, director at Institute of history of the state (Nur-Sultan, Kazakhstan)*

*Ayagan Burkitbai Gelmanovich – doctor of historical sciences, professor, deputy director at Institute of history of the state (Nur-Sultan, Kazakhstan)*

*Azhigali Serik Eskendirovich – doctor of historical sciences, professor, corresponding member of eastern countries international academy of architecture, chief researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ehnology (Almaty, Kazakhstan)*

*Zhumagulov Kalkaman Tursunovich – doctor of historical sciences, academician, professor at Al-Farabi Kazakh National University. Director of the Research Center on World History Studies. Emeritus Professor of German Gottingen University (Almaty, Kazakhstan)*

*Ismagulov Orazak Ismagulovich – Doctor of Historical Sciences, professor, academician of the National Academy of Sciences of the Kazakhstan Republic, member-correspondent of Bologna Academy of Sciences (Italy), head of the laboratory of Physical Anthropology of the National museum of Kazakhstan Republic. (Nur-Sultan, Kazakhstan)*

*Kudriachenko Andrey Ivanovich – doctor of historical sciences, professor, director of Institute of World History of the National Academy of Sciences of Ukraine (Kiev, Ukraina)*

*Kumekov Bolat Yeshmukhameduly – doctor of historical sciences, professor, National Academy of Science Republic of Kazakhstan, director at International Institute of Kipchak Studies, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan)*

*Sergey V. Lyubichankovskiy – doctor of historical sciences, professor, Head of the Department of Russian History, Orenburg State Pedagogical University (Russia)*

*Muktar Abilsseit Kapizuly – doctor of historical sciences, professor, director of the State Historical and Cultural Museum-Reserve “Sarayshyk” in Atyrau (Atyrau, Kazakhstan)*

*Peter Finke – PhD, Max Planck Institute, University of Zurich (Switzerland)*

*Sydykov Yerlan Battashevich – doctor of historical sciences, professor, National Academy of Science Republic of Kazakhstan. Rector of the L.N. Gumilev Eurasian National University (Nur-Sultan, Kazakhstan)*

*Uyama Tomohiko – PhD, professor at Slavic Research Center, Hokkaido University (Japan)*

### Executive Editor

Kudaibergenova Aizhamal Ibragimovna

### Executive Secretary

Murzakhodzhayev Kuanysh Madievich

### Scientific Editor

Kozybayeva Makhabbat Malikovna

### Technical secretary

Zikirbayeva Venera Serikovna

### Редакцияның мекен-жайы:

050100, Қазақстан Республикасы,

Алматы қ., Шевченко көшесі, 28,

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты,

«Отан тарихы» журналының редакциясы

Телефон: +7 (727) 272-46-54

E-mail: Otanhistory@gmail.com

Электрондық мекен-жай:

<http://infohistory.info>

Журнал 1998 жылдан бастап шығады.

Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде

1998 ж. 9 наурызда тіркеліп, N 158-ж куәлігіне ие болды.

Мақалаларды қайта бастырып жариялағанда, микрофильмге және басқа да көшірмелерге түсіргенде міндетті түрде журналға сілтеме жасау қажет.

Mashanov A. Ābunāsr al-Farabi. №1, 1962. / Mashanov, Aqjan. 76 b. / Kor 1727. «Gylym Ordasy» Ortalyq Ğylymi kitaphananyng sirek qorynan alyndy (Taken from the rare foundation of the Central Scientific library «Gylym Ordasy»). №17 76 b. / Fund 1727) [in Kazakh].

Mashanov A.J. Al-Farabi jane Abai (Al-Farabi and Abai) // Almaty: Kazakstan, 1994. 192 b. [in Kazakh]

Mashanov A.J. Al-Farabi: tarihi-derektikitap (Al-Farabi: book of historical and source) // Almaty: «Zhazushi» baspasy, 1970. 244 b. [in Kazakh].

Mashanov A.J. Al-Farabi jane Abai. T.2. (Al-Farabi and Abai) // Almaty: Kazakstan, 2005. 296 b. [in Kazakh].

Neizvestnye stranisy otechestvennogo vostokovedeniya (The unknown pages of domestic oriental studies). M.: Izdatelskaya firma «Vostochnaya literatura» RAN, 1997. 392 c.: il. [in Russian].

Orazalyqyzy G. Şahmardan Esenov (Shahmardan Esenov) // Almaty: «Qazaqstan», 2012. 376 b. [in Kazakh].

«Ruhaniyat-Abu Nasir al-Farabi» muzeiining «AqjanMashanov» qorynan alyndy (Taken from the fund of «AkzhanMashanov» of museum of «The Spirituality – Abu Nasir al-Farabi»). [in Kazakh].

Farabi gibratty galym: Farabitanushy A.J. al-Mashanige arnalady (The Farabi educational researcher. Dedicated to the pharabiologist A. Mashani) / Kurast. Sh. Abdraman. Almaty, 2006. 397 b. [in Kazakh].

Ensilopedicheski slovar (Dictionary of encyclopedical). Tom XII. Izdateli: F.A. Brokgauz (Leipsig), I.A. Efron (S-Peterburg). Tipo-litografiya I.A. Efrona, № 6. 1894. [in Russian].

Nicholas Rescher. Al-Farabi an annotated bibliography = Аннотированный указатель аль-Фараби / Nicholas Rescher. England: University of Pittsburgh Press, 1962. 54 c. Фотокопия [in English].

GTAMP 03.81.37

DOI 10.51943/1814-6961\_2021\_2\_16

### «ТАРИХ-И АББАСИ» («РУЗНАМА-ЙЕ МОЛЛА ЖӘЛАЛ») ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНА ҚАТЫСТЫ ДЕРЕКТЕР

Ғалия Қамбарбекова<sup>1\*</sup>



<sup>1</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

\*Автор-корреспондент

E-mail: qazigurt2016@gmail.com; kazalem@mail.ru

**Түйіндеме.** Мақалада XVI-ғасырдың соңы XVII-ғасырдың басында жазылған бұрындары отандық зерттеушілер тарапынан арнайы зерттелмеген парсы тіліндегі дереккөз қарастырылады. Бұл дереккөзде Қазақ хандығына қатысты мәліметтер кездеседі. Мақаланың басты мақсаты парсы тіліндегі түпнұсқа дереккөзді зерттеу және ішіндегі Қазақ хандығына қатысты мәліметтерді анықтау, талдау және ғылыми айналымға енгізу. Бұл зерттеуде автор тікелей парсы тіліндегі дереккөзбен жұмыс жасайды және деректану саласының әдістерін қолданады. Сонымен қатар, дереккөздегі мәліметтердің тарихилығын анықтау үшін қарастырылып отырған дәуірде жазылған басқа да танымал дереккөзбен салыстыра отырып талдайды. Зерттеу нәтижесінде белгілі бір тарихи кезеңде бірнеше тарихи шығарманы жазу дәстүрі болғандығына назар аударады. Бір кезде жазылған екі түрлі шығарманың баяндау әдісіндегі айырмашылықтар мен ұқсастықтарды талдап, екі дереккөздің бірін-бірі толықтыратынын, бірақ айырмашылықтары да болатынын нақты мысалдармен атап көрсетеді. Мақаланы қорытындылай келе бұрындары арнайы зерттелмеген дереккөзді ғылыми айналымға бұрындары енгізілген мәліметтермен салыстырады және Қазақ хандығы тарихы туралы бұрын белгісіз болған фактілерді анықтайды.

**Түйін сөздер:** парсы дереккөздері, Сефевилер әулеті, Қазақ хандығы, Тарих-и Аббаси, Тарих-и Алам ара-йи Аббаси, Молла Жәлал.

МРНТИ 03.81.37

**СВЕДЕНИЙ ИЗ СОЧИНЕНИЯ «ТАРИХ-И АББАСИ»  
(«РУЗНАМА-ЙЕ МУЛЛА ДЖАЛАЛ») О КАЗАХСКОМ ХАНСТВЕ****Камбарбекова Галия<sup>1\*</sup>** <sup>1</sup>Казахский национальный университет имени Аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

\*Автор-корреспондент

E-mail: qazigurt2016@gmail.com; kazalem@mail.ru

**Аннотация.** В этой статье рассматривается персидский источник конец XVI-века и начало XVII-века, который ранее не был изучен отечественными исследователями. В данном источнике есть сведения о Казахском ханстве. Основная цель статьи изучить сведения из персидского источника по истории Казахского ханства, проанализировать и ввести в научный оборот. Главной задачей статьи является изучение первоисточника, перевести сведения по истории Казахского ханства и представить читателям полную информацию об источнике. В статье автор работал с персидским источником и применил источниковедческие методы. Для того чтобы определить историчность и объективность данного источника, были изучены известные источники рассматриваемого периода и проведены сравнительные анализы. По результатам исследования выяснилось, что существовала традиция писать несколько сочинений в один и тот же период. Автор анализирует сходства и различия между двумя источниками и обнаруживает, что источники одного периода дополняют друг друга, но имеют и различия. В статье различия между двумя источниками рассматриваются на основе конкретных примеров. Подводя итоги, автор сравнивает сведения не изученного источника со сведениями вошедшие в научный оборот и выявляет ранее не известные факты по истории Казахского ханства.

**Ключевые слова:** персидские источники, Сефевидская династия, Казахское ханства, Тарих-и Аббаси, Тарих-и аламара-йи Аббаси, Мулла Джалал.

IRSTI 03.81.37

**THE INFO RELATED TO KAZAKH KHANATE FROM “TARIKH-I ABBASI”  
(“RUZNAMA-YE MOLLA JALAL”) COMPOSITION****Galya Kambarbekova<sup>1\*</sup>** <sup>1</sup>Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

\*Corresponding author

E-mail: qazigurt2016@gmail.com; kazalem@mail.ru

**Abstract.** This article examines the Persian source of the late 16<sup>th</sup> century and the beginning of the 17<sup>th</sup> century, which hasn't previously studied by domestic researchers. This source contains information about the Kazakh Khanate. The major purpose of the article is to study information from a Persian source on the history of the Kazakh Khanate, to analyse and introduce into scientific circulation. The major task of the article is to study the original source, translate information on the history of the Kazakh Khanate, and give readers information about the source. In the article, the author worked with a Persian source and applied source methods. To define the historicity and objectivity of this source, the known sources of the period below the review studied, and it carried out comparative analyses. According to the results of the study, it revealed there was a tradition to write several historical works in the same period. The author analyses the similarities, and differences between the two sources and reveals that the sources of one period complement each other, but they also have differences. The article explores the differences between the two sources based on specific examples. Summing up, the author compares the information of an unexplored source with

the information included in the scientific circulation and reveals previously unknown facts on the history of the Kazakh Khanate.

**Key words:** persian sources, Safawid dynasty, Khazakh Khanate, Tarikh-i Abbasi, Tarikh-i alamara-ye Abbasi, Molla Jalal.

**Кіріспе.** Қазақ хандығының тарихын зерттегенде шығыс дереккөздеріндегі мәліметтерге сүйену және оларды талдай отырып пайдалану жолға қойылған тақырыптардың бірі. Шығыс тілдерінің ішіндегі парсы тіліндегі дереккөздер моңғол дәуірінен бастап ерекше сипатқа ие. Әлемге үлкен өзгерістер әкелген моңғолдар дәуірі парсы тіліндегі тарихи шығармалардың жазылуы мен құрылымына үлкен әсерін тигізген. Парсы тіліндегі шығармалар мазмұны мен құрылымы, авторы мен жанрына қарай бірнеше топқа бөлінеді. Мақалада қарастыратын «Тарих-и Аббаси» шығармасы әулет тарихына жатады. Бұл шығарма 984-1020/1576-1611) Сефевилер әулетінің шахы Шах Тахмасптың дүние салғанынан (894-930/1524-1576) басталып, Шах Мұхаммад Худабанде (1578/1587) мен Шах Аббас I (1587/88-1629) 25 жылдық тарихын қамтиды. Шах Аббас I сарайында Молла Жәлал жұлдызшы, әдебиетші және тарихшы ретінде 34 жыл қызмет етеді. Молла Жәлалдың 1028/1619 жылы дүние салғаны белгілі. Бірақ 1020-1028/1611-1619 жылдар аралығындағы тарихи оқиғалар «Тарих-и Аббаси» шығармасына неге еңбегені белгісіз (Садық, 2018:3116).

Молла Жәлал патша сарайында жұлдызшы қызметін атқара жүріп Сефевилер әулетінің үш бірдей билеушісінің тарихын, әсіресе соңғысы Шах Аббас I тарихын жазған. Молла Жәлалдың «Тарих-и Аббаси» еңбегі Иранның өзінде кешірек зерттелген шығармалардың қатарына жатады. Оның өзіндік себептері бар. Молла Жәлалмен қатар Шах Аббас I сарайында ресми сарай хатшысы әрі жылнамашысы болып Ескендірбек Мунши қызмет етеді. Ескендірбек Муншидің «Тарих-и аламара-йи Аббаси» шығармасы Шах Аббас I билікке келгеннен дүние салғанға дейінгі өмірін қамтиды. «Тарих-и аламара-йи Аббаси» шығармасы сол кездегі тарихи оқиғаларды кең түрде қамтыған қомақты шығарма ретінде құнды. «Тарих-и аламара-йи Аббаси» шығармасы Ата Мәлік Жувейнидің «Тарих-и жахангушай Жувейни» шығармасынан кейінгі ең көп тізімдермен сақталған шығарма. Сонымен қатар, Сефевилер әулетінің тарихы бойынша аса құнды еңбектердің бірі. Сондықтан болу керек, Молла Жәлалдың «Тарих-и Аббаси» шығармасы замандасы Ескендірбек Муншидің еңбегінің тасасында қалып келген.

Иранда және әлемде «Тарих-и Аббаси» шығармасы арнайы зерттеліп «Тарих-и аламара-йи Аббаси» шығармасымен салыстырылып айырмашылықтары мен ұқсастықтарына көптеген зерттеулер арналған. «Тарих-и аламара-йи Аббаси» шығармасындағы қазақ хандары мен сұлтандарына қатысты мәліметтер бар екені белгілі. Мақалада Молла Жәлалдың «Тарих-и Аббаси» шығармасымен таныстыра отырып, Қазақ хандығына қатысты деректер қарастырылады.

**Материалдар мен әдістер.** Зерттеу жұмысындатікелей парсы тіліндегі түпнұсқа мәтінмен жұмыс жасалды. Түпнұсқа мәтін ретінде «Тарих-и Аббаси» шығармасының 1987-жылы жарыққа шыққан академиялық толық мәтіні қолданылды. Түпнұсқа мәтінмен жұмыс жасауда мәтінтану, лексикалық және грамматикалық ерекшеліктерді ескере отырып зерттеу жүргізілді. Сонымен қатар, мәтіннің тарихилығын анықтау барысында салыстырмалы әдіс қолданылды. Ол үшін «Тарих-и Аббаси» шығармасымен бір кезде жазылған «Тарих-и аламара-йи Аббаси» шығармасының мәтіндерінде кездесетін қазақ хандарына қатысты деректер салыстырылды. Салыстырмалы әдіс қолданылған жерде талдау мен сараптау әдісі бірге жүретіндіктен зертеу жұмысында тарихи деректерді талдау және сараптау әдістері қолданылды.

**Талқылау.** «Тарих-и Аббаси» шығармасының авторы – Жәлаладдин Мұхаммад Мунажжем Йазди Сефевилер әулетінің шахы Аббас I тұсында өмір сүрген. Йазди деген ныспысына қарап тегі Иранның Йазд қаласынан екені белгілі. Молла Жәлал жұлдызшылар әулетінің негізін қалайды. Молла Жәлалдан кейін оның ұлы Молла Кәмал мен немересі Молла Жәлал-сәни де танымал жұлдызшылар болған. Атасы, баласы және немересі үшеуі де Сефевилер әулетінің сарай жұлдызшылары болып жұмыс істеген және үшеуінің де еңбектері сақталған. Молла Жәлалдың өмірбаяны туралы деректер жоққа тән. «Тухфат аль-мунажжемин» қолжазбасында Молла Жәлал 928/1520 жылының сапар айында Ширазда дүниеге келгені жазылған (Камал, М 6267: 298 f). Ал автордың ұзақ өмір сүріп дүние салғаны туралы деректі немересі Молла Жәлал-

сәнидің еңбегінің кездестіруге болады. Ол атасының қартайған шағына дейін Исфахандағы патша сарайында өмір сүріп 1028/1619-жылы Мазандеранда дүние салғанын жазады (Жәлал-сәни, М 4204: 26 f). Бұл деректерге қарап Молла Жәлалдың жүзге қараған шағында дүниеден озғанын білеміз.

Молла Жәлал Шах Аббас I сарай жұлдызшысы болып қызметке келгенге дейін Хан Ахмад Гиланидің сарайында жұмыс істеген. Жұлдызшы ретінде жұмыс істеп жүрген жерінен Хан Ахмад оны Шах Аббас I сарайына 994/1587 жылы күзетші ретінде жібереді. Шах Аббас I Молла Жәлалдың білімділігін ұнатып сарай жұлдызшысы ретінде алып қалады. Молла Жәлал сол кезден бастап өмірінің соңына дейін Шах Аббас I сарайында қызмет атқарады. Жұлдыздарға қарап болжай білетін қасиетімен Шах Аббас I барлық сапарларында, жиналыстарында, маңызды шешім қабылдайтын тарихи сәттерде жанында болады. Шах Аббас I таққа отырғаннан соң Исфаханнан Мешхед қаласына шиғалардың сегізінші имамының кесенесіне жаяу зиярат етуге барады. Осы сапарда Молла Жәлал жол жағдайы мен уақытты дәл есептеп, шахтың сапарласы болады. Бұдан басқа бірнеше маңызды оқиғаларды болжап Молла Жәлал ерекшеленеді. Жұлдызшы ретінде қай кезде жолға шығу керек, жорыққа аттану керектігін немесе өзге билеушілермен қай кезде кездесу керек немесе кімнің жеңетінін болжап отырған. Жұлдызшылығымен қатар Молла Жәлал тарихи шығарма жазуға бел буады. Автор тарихи шығармасының атын қалай атағаны белгісіз. Себебі бүгінгі күнге жеткен қолжазба тізімдерінде шығарманың аты көрсетілмеген. Зерттеушілер мазмұнына қарай «Тарих-и Аббаси» немесе «Рузнама-йе Молла Жәлал» деп атаған және осы атпен ғылыми айналымға енген. Әр жылы тіпті әр күні орын алған оқиғаларды жұлдызға қарап жазғанымен «рузнама» (күнделік), яғни «Рузнама-йи Молла Жәлал» деп аталған (Фараби., Идриси, 2015: 93-94). «Тарих-и Аббаси» шығармасының алғы сөзі жоқ, бірден Шах Аббас I дүниеге келген күннен басталады. Шығарманың тілі қарапайым және адамдар мен оқиғалар туралы жұлдызнамалық мәліметтер кездеседі. Әдетте ортағасырлық тарихи шығармалардың бәрінде өлең жолдары кездеседі. Бұл шығармада 350 жол өлең қолданылған. Оның біршамасы автордікі, ал қалғандары өзге авторлардыкі.

«Тарих-и Аббаси» шығармасы ирандық және шетелдік зерттеушілер тарапынан зерттелген және ғылыми еңбектерінде қолданылған. Ч.А. Стори келтірген мәлімет бойынша «Тарих-и Аббаси» шығармасының төрт тізімі жеткен. Оның екеуі Тегеран қаласындағы Ұлттық және Малек кітапханасында, қалған екеуі Бодлеан және Британ кітапханасында сақталған (Стори, 1972: 868-869). Ағылшын ғалымы Ч. Ривё Британ кітапханасында сақталған «Тарих-и Аббаси» жайлы ғылыми анықтаманы жазғанда қолжазбаның шамамен XVII ғасырда жазылған деп атап көрсеткен. Ч.Ривё «Тарих-и Аббаси» шығармасы Шах Аббас I ата-тегі баяндаумен басталып, соңына қарай Аштархандық билеуші Уәли Мұхаммадтың (1605-1611) Шах Аббас I сарайына келіп көмек сұрағаны және Уәли Мұхаммад Иран шахының көмегімен билігін қайтарып алуға тырысқаны, бірақ туысы Имамқули ханнан (1611-1642) жеңілгені жайлы деректер кездесетінін атап көрсетеді (Rieu, 1879: 184-185). Иранның өзінде бұл шығарманы көптеген зерттеушілер өз еңбектерінде пайдаланған. Олардың ішінде белгілі тарихшы Н.Фәлсафи 5 томдық «Шах Аббас I» атты еңбегінде Молла Жәлалдың еңбегіне жиі сүйеніп отырған (Фәлсафа, 1956-1889:2102). «Шах Аббас I өмірбаяны» деп аталатын еңбегінде Н.Фәлсафи сарай жұлдызшысы Молла Жәлалдың көптеген тарихи оқиғалардың куәгері болғанын және Иран шахының оның сөзіне қатты мән бергендігін жазады. Мысалы, италян жиһангері Пьетро Делла Велло (1586-1652) Шах Аббас I кездесу үшін Исфахан қаласында он бір ай бойы күтеді. Гүржістан сапарынан қайтқан шахпен кездесу үшін Пьетро Делла Велло алдынан шығады. Мазандерандағы Фарах-Абад мекеніне шахтың келіп, демалып жатқанын біліп сонда келеді. Иран шахы тап қазіргі уақытта бөтен адамдармен кездесіп, сұхбат құрудың қолайсыз екендігін жұлдыздарға қарап болжаған Молла Жәлалдың сөзін басшылыққа алып, италян саяхатшысымен кездеспейді. Одан кейін де бірнеше күн кездеспей, жұлдызшысы қолайлы деп тапқан күні ғана кездеседі (Фәлсафа, 1889: 1319-1320). Бұдан басқа ағылшын ғалымы Р. Сейвари Сефевилер дәуірі туралы кітабында осы еңбекке сүйенген (Savory, 2003:405]. Ол өз еңбегінде Молла Жәлалдың еңбегін осы дәуірді зерттеудегі маңызды дереккөздердің бірі ретінде атап көрсетеді. Әсіресе Керман, Гармсират аймақтары мен өзбектермен болған шайқастарда автордың оқиғалардың куәгері



болғандығын ескере отырып құнды еңбек екендігіне тоқтаған (Савакеб, 2001:62-63). Көптеген ирандық зерттеушілер 1987-жылға дейін «Тарих-и Аббаси» шығармасының қолжазба нұсқаларын пайдаланып келген. Бұл еңбектің мәтіні алғаш рет 1366/1987-жылы жарыққа шығады. Сейфулла Вахидниа Тегерандағы Ұлттық кітапхана мен Малек кітапханасында сақталған екі тізімді салыстыра отырып толық мәтінін алғысөзімен шығарған (Жәлал, 1987: 500). Мәтіні жарыққа шыққаннан соң зерттеушілердің назарын көбірек аударғанын және осы тақырыпқа көптеген мақалалар арналғанын атап көрсету керек. Шетелдік ғалымдардың ішінен Сефевилер дәуірін зерттеген Шулье Куйн (Sholeh A. Quinn) өз зерттеулерінде «Тарих-и Аббаси» шығармасын пайдаланып, Шах Аббастың бір емес екі тарихшысы болғанын және осы кезден бастап сарайда екі немесе үш тарихшының болуы дәстүрге айналғанын жазады (Quinn, 2000:197).

«Тарих-и Аббаси» шығармасы Сефевилер әулетінің үш билеушісінің, әсіресе Шах Аббас I билікке келген күнінен бастап 25 жылдық патшалығын баяндайды. Шах Аббас I арнайы жылнамашысы Ескендірбек Мунши «Тарих-и аламара-йи Аббаси» шығармасын жазған және бұл еңбек негізгі дереккөз, Молла Жәлалдың «Тарих-и Аббаси» шығармасы қосымша дереккөз ретінде қарастырылады. Оның басты себебі бірінің ресми жылнамашы, екіншісінің жұлдызшы болғандығымен байланысты. Алайда, бір дәуірде жазылған екі түрлі шығармада айырмашылықтардың болуы қалыпты. Сондықтан арнайы зерттеуді қажет етеді. Ирандық зерттеушілер аталмыш екі шығарманың тілін, жанрын, мәліметтерін, тарихи даталарын салыстырып көптеген мақалалар жариялаған.

**Нәтижелер.** Алдымен «Тарих-и аламара-йи Аббаси» шығармасындағы мәліметтерге тоқтасақ, онда Тәуекел ханның 1598-жылы билікке келуі мен Бұхараға жасаған жорығы туралы мәліметтер кездеседі. Бұл шығарма кеңес зерттеушілері тарапынан зерттелген. Ол зерттеулерде бұл шығарманың Армения, Грузия және Әзербайжан тарихы бойынша құнды дереккөз екендігі айтылған (Петрушевский, 1949:18-20). Сефевилер дәуіріндегі Әзербайжан тарихын қарастырған О. Эфендиев аталмыш шығарманы маңызды дереккөз ретінде пайдаланған (Эфендиев, 1981:334). Аталмыш шығарманың Түркменстан мен түркмендерге қатысты бөлігі арнайы зерттеліп орыс тіліне А.А. Ромаскевичтің редакциясымен аударылған (МИТТ 1938: 700). Сонымен қатар, «Тарих-и аламара-йи Аббаси» шығармасындағы Қазақ хандығына қатысты мәліметтерді отандық зерттеушілер зерттеп, талдау жасаған (Абусейтова, Баранова, 2001:208-224). Қала берді, Қазақ хандығына қатысты кішігірім бөлігі толығымен орыс тіліне аударып ғылыми айналымға енгізілген (ИКПИ, 2007: 349-357).

Ескендірбек Муншидің «Тарих-и аламара-йи Аббаси» шығармасында 1598-жылдың басында Түркістандағы Абдалла-хан мен ұлы Әбд әл-Мумин-ханның арасындағы келіспеушілікті пайдаланып Шайбанилер әулетіне қарсы қазақ сұлтандары жорық ұйымдастырады: «Тәуекел сұлтан қазақ өзіне «хан» есімін таңып үлкен қолмен Ташкентке келеді. Абдалла-хан оны өзіне лайықты деп таппай оған қарсы жақын сұлтандар, аймақтағы кішірек әмірлер мен әскерін жібереді. Ташкент пен Самарқанд арасында екі жақтың арасында үлкен шайқас болады. Абдалла-ханның әскері ол таққа отырғаннан бері барлық шайқастарда жеңген болатын, бірақ бұл шайқаста жеңіліп, Абдалла-ханның көптеген әмірлері мен әскербасылары және бірнеше жақын сұлтандары өлім құшады. Қалғандары жеңіліп, есі кеткен күйде Бұхараға келеді. Абдаллах-хан Гераттағы Әмір Құлбаба көкілташқа адам жіберіп, көмек сұратады. Абдалла-хан Әмір Құлбабаның әскері жиналып болған соң Тәуекелдің көзін біржолата жою және кек алу үшін Самарқандқа қарай жылжиды. Алайда, ұлының құлақ аспай қарсылық танытуы, қазақ әскерінің өршілдік әрекетінен денсаулығы нашарлап төсек тартады. Ақыр соңында дүние салады» (Торкоман, 2003:552-553).

Осы оқиғадан соң таққа Абдалла-ханның ұлы Әбд әл-Мумин отырады. Бірақ ол да тақта ұзақ отырмайды. Бір жыл өтпей 1599-жылы өлім құшады. Осы жағдайды пайдаланып, Тәуекел хан үлкен жорыққа дайындалады. Тарихи деректер бойынша Әбд әл-Мумин Шайбанилер әулетінің ең соңғы билеушісі. Ендігіде билік Шайбанилер әулетінен Аштарханилер әулетіне өтіп, Бұхарадағы таққа Бақи Мұхаммад (1603-1605) отырады (Абусейтова, Баранова, 2001:210). Әрине, бірден емес, алғашында Самарқанд уалаятының билеушісі болып сайланады және тағы біршама қақтығыстардан кейін таққа отырған. Ол туралы зерттеушілердің пікірі екіге жарылады. Бірақ қалай болғанда да аштарханилер әулетінің өкілі Бақи Мұхаммадтың билікке келуі мен

шайбанилерді ығыстыруы Тәуекел ханды жеңуіне тікелей байланысты екендігін зерттеушілер жоққа шығармайды (Абусейтова 1981). Бақи Мұхаммадтың биліке келу туралы тағы да бірнеше пікір бар, бірақ біз бұл тақырыпты арнайы талқыламаймыз. Себебі ол тақырып жеке тақырып болғандықтан тікелей мақаланың тақырыбына қатысты мәселеге қайта ораламыз. Негізгі тақырыбымыз «Тарих-и аламара-йи Аббаси» шығармасындағы қазақтарға қатысты мәлімет болғандықтан осы шығармадағы қазақ ханы туралы мәліметке назар аударайық. «Тарих-и аламара-йи Аббаси» шығармасында былай деп жазылған: «Тәуекел хан қазақ Мәуереннахрды иесіз деп танып Түркістан мен сахаралық өзбек тайпаларынан тұратын сансыз әскермен садақ жинап, қалың қолымен осы аймақты алу үшін жылжып отырады. Бұл уәләттың халқы қалың тауды қолпаратын нөпір әскерге төтеп бере алмай беріліп, бас иеді. Тәуекел хан Түркістан, Мәуереннахр уәләтін Ахси, Әндіжан, Ташкент, Самарқанд, Мианқалаға дейінгі аралықты шабады. Бауыры Есім сұлтанды 20,000 қолмен Самарқандқа қалдырып, өзі 70-80 мың қолмен Бұхараны алуға аттанады. Ол кезде Бұхарада 10-15 мыңнан астам қол жоқ болатын. Пір-Мұхаммад хан мен Бұхара әмірлері сыртқа шығып, сапқа тұрып соғыспай қала бекінісі мен қабырғаларын бекітіп соғысуды жөн санайды. Тәуекел хан үлкен қаланы қоршап алады. Әскері шашырап, жайылып кетеді. Бұхараны қорғаушы әскер күнде бір қақпадан сыртқа шығып, соғыс ашып, көпшіліктің өмірін отқа ораумен болады. Екі жақтың арасындағы жанкешті шайқас он бір күнге созылады. Он екінші күні Бұхара қаласының бар әскері, бахадүрлері сыртқа шығып екі жақтың арасында таң атқаннан күн батқанша қанды шайқас болады. Сол күні бұхаралықтар жеңістің белгісін танытып, қазақтардың әскерін жеңеді. Тәуекел хан өзі тұрған жерінен жылжып ордасына (хан шатырын тіккен жер) жеңіліп келеді. Әскерінің көбісі бытырап, шашырап қашуға бет алады. Түн болып қалғандықтан Бұхараның халқы жеңіспен қалаға қайтып оралады. Көңілді әуенмен кернейлетеді. Тәуекел ханды қорқыныш билеп енді бір сәтке де қалуға болмайтынын түсінеді. Өз ордасына үлкен от қойып қараңғы түнде Самарқандқа бет алады. Қашқан әскер Самарқандқа жетіп, Есім сұлтанға ханның қайтып келуі мен бар ақиқатты айтады. Есім сұлтан бұл жағдайдан жайсызданып ағасына адам жіберіп былай дейді: «Саны көп қолдың Бұхараның аз ғана әскерінен жеңіліп қашып келгені үлкен ұят болады! Егер хан жеңіліп Самарқандқа келсе, онда самарқандықтар қарсылық қақпасын ашып, келісім қақпасын жабар. Мемлекет үшін ханның қайтып барғаны дұрыс, мен де әскеріммен сізбен үзеңгілес боламын». Тәуекел бауырының дұрыс деп тапқаны бойынша жасайды және Есім сұлтан оған қосылып тағы да шайқасқа дайындалады.

Пір-Мұхаммад хан мен оның жақтастары Тәуекел хан қашып кеткен соң, Бұхарадан шығып оның артына түседі. Мәуереннахрдан, айналадан жаттың әскерінен қорғану үшін көптеген халық жиналады және Мианқалдың Ұзын Сақал жерінде екі жақтың әскері кездесіп, бір ай шамасында шайқас оты тұтанады. Осы сәтте Дін-Мұхаммадтың бауыры Бақи Мұхаммад – кезінде қызылбастың жеңімпаз әскерінен Пул-и Салар жерінде болған шайқастан қашып кеткен болатын – Пір-Мұхаммадтың қызметіне жетеді. Оның келуінің оқиғасы былай болады. Дін-Мұхаммад ханның бауыры біршама адаммен шайқас алаңынан шығып Андхудке жетіп, Гурги жолынан өтіп Бұхараға келеді. Пір-Мұхаммад хан Тәуекел ханның соңынан қуып Бұхарадан шығып кеткендіктен бұхаралықтар оның рұхсатынсыз Бақи сұлтанды қалаға кіргізбейді. Ол амалсыз Қожа Бахауддиннің мазарынан өтіп, Ұзын сақалдағы Пір-Мұхаммед ханның ордасын танып, қосылады. Әмірлердің құрметпен қарсы алуларын қабылдайды, Шыңғыс сұлтандарының әдеп пен ережесіне сәйкес оған көрініс<sup>1</sup> (құрмет) көрсетеді. Пір-Мұхаммад ханның әмірлері Бақи сұлтанның келгенін жақсылыққа жорып, құрмет көрсетіп оны жауға қарсы әскерді басқаруға тағайындайды. Бақи сұлтан бұрындары да Тәуекел ханмен соғысқан және көбінесе жеңген болатын. Абдалла-ханның белді әмірлерінің бірі Тәуекел ханды Мәуереннахрдан қуған, ізіне түскен Әбд әл-Васе – Әбд әл-Мумин ханды өлтірген адам – Бақи сұлтанның қолынан өлген болатын. Екі топтың арасында соғыс оты өршиді. Бақи сұлтан Пір-Мұхаммадтың қолдауымен күш көрсетіп бір бағытта соғысу арқылы Тәуекел ханды мезі етіп, шаршатады да Тәуекел хан үлкен түнгі шайқасты бастайды. Қарсы жақ та төтеп береді, тізеге күш салып екі жақтың арасында ауыр шайқас орын алады. Түнгі шайқаста

<sup>1</sup>Курунеш немуд – түбі түрік сөзі, көрініс көрсету; етістігі парсыша – істеу, әрекет ету – Шыңғыстан тараған сұлтандарға көрсетілетін құрметтің бір түрі.

Пір-Мұхаммад ханның туысы Сейд Мұхаммад сұлтан мен диуанбегі Мұхаммад Бақи аталықты Тәуекел ханның әскері өлтіреді. Бірақ Тәуекел де жарақаттанады. Ештеңе істей алмай аттың басын кері бұрып, Ташкентті бетке алады және ол жерде ауруы денесіне тарап бақиға аттанады.

Нақшбандия шейхтарының ара ағайындығымен Бақи Мұхаммад пен Ташкенттегі қазақ тайпасы уәлінің арасында бейбіт бітім жасалады, оның шарты – Самарқандтың әскері Ташкентке қайта оралмайды» (Торкоман, 2003:591-593).

Енді осы оқиға «Тарих-и Аббаси» шығармасында қалай баяндалды, соған тоқталамыз. Оқиға Тилмханның өлімінен соң Бақи Мұхаммадтың таққа таласқан топтардың арасындағы қарсыласулардан қажып 22 адаммен Андхудке барғанынан басталады: «Азық-ауқат сұрап көмек сұраған Бақи Мұхаммадтың өтінішіне ойланбастан жоқ деп жауап береді. Амалсыздан Бақи Мұхаммад Мәуераннахрге бет алады. Әму суынан өтіп, Қаршы жеріне жеткенде барлық сыпайылықты сақтап сол жердің уәліі Пір-Мұхаммадқа адам жіберіп: «Тилмханның жайы мен өзбек жамағаты жеңіліске бет алды, біз сенен пана сұрап келдік, қандай бұйрығыңыз бар», деген өтініш жасайды. Тура осы мазмұнда өзбектің бақуат адамдарына хат жазады. Әмірлер Бақи Мұхаммадтың арызын Пір-Мұхаммадқа жеткізіп, оның келгені дұрыс болған деп санайды. Оның себебі тура осы кезде Дешті Қыпшақтың билеушісі Тәуекел хан өзінің бауырлары және 70 мың Дешті Қыпшақтың өзбегімен Ақсыкет, Фармам, Мәскане, Самарқанд және Мианқолға дейінгі уәлайаттарды жаулап алып ендігіде Бұхараға бет алған болатын. Әмірлер Бақи Мұхаммадтың әскері жоқ болғанымен оның шах әулетінен деген аты бар, оның келгені жақсы болды десті. Онымен қатар бірнеше халат (шапан) пен жүрекке жағымды хаттар жазып жібереді. Бақи сұлтан Бұхараға келіп «көрініс» құрметіне ие болады. Екі күннен соң Бұхараға екі фарсах жерге Тәуекел ханның келгенін біледі. Әмірлер, үкімет басшылары Бақи Мұхаммадпен жиналып, ақыл-кеңес құрады. Әркім есіне түскен ойларын айтады. Диуанбегі Мұхаммад Бақи би Бақи сұлтанға қарап: «Сіз көп соғыстыңыз, әскер бастап жүрдіңіз, ойыңызға түскен шараны айтыңыз», - дейді. Жауап ретінде: «Біз кейде соғыстан қаштық және біздің жолдасымыз да әскеріміз де болмады, не десем жөн болар екен», дейді. Мәжілістің хәзреті көптеген әңгіме айтып асыра сөйлейді, бірақ ешкім де бірнәрсе айтуға шешілмейді. Бақи сұлтан орнынан тұрып алдыға шығып отырып былай дейді: «Сіздерді Бұхарада қоршауға алғаны лайықты емес болып көрінеді. Себебі көмектің келетініне ешқандай үмітіңіз жоқ. Және сіздердің түнгі шайқасқа шығуларыңыз бен жағалай тұрып шайқасуларыңыз да қате. Себебі дұшпанның әскері 80 мың көрінеді. Сіздердің ахуалдарыңызды білгенде (халық Ғ.Қ.) өздерінің қорғанысын жақсартады және (оларды Ғ.Қ.) өлкеге еге етіп алады. Әскер мен халық сізден үмітін үзіп оларға (қазақтарға Ғ.Қ.) барып қосылады. Сіздер өз қолдарыңызбен түкке алғысыз болып қаласыздар Осы тұста ашу шақырып онымен соғысу керек. Құдай әркімге беретіндей ерлік таныту керек». Пір-Мұхаммад хан: «Біз мына азымызбен, ол осынау көбімен оларға қарсы тұра аламыз ба», дейді. Бақи сұлтан жауап ретінде: «Соғыстың өз әдісі бар, әдісі мынау. Өз әскеріміздің ішінен бес мың соғыс көрген, мұздай қаруланған атты әскерді таңдау керек. Өзіңіз сенетін, жаужүрек адамды осы әскердің сардары етіп тағайындау керек. Соғыс болатын күннің алдыңғы түнінде бұл жамағат қаладан шығып қарсыластың әскерінің сырт жағына екі фарсақтай жерге барып жасырыну керек. Күндіз екі жақтың әскері сапқа тұрады, әрине біз оларға төтеп бере алмаймыз. Пір-Мұхаммад хан біраз қарсылық танытқаннан кейін, келісілген уақытта тізгінін кері бұрып, қашқан кейпімен кері қарай шауып, өзін қалаға жеткізеді және қақпалар ашылады. Тәуекел ханның әскері ізіне түсіп қуады және шашырайды, шабу мен тонаумен айналысуға кіріседі. Және осыдан кейін оның жамағаты кешірім сұраушы (кінәлі) болады. Өлең:

*Әгәр түрк ра мүжде гәрәт дахи Бехешт-у бехештеи бәшәрат дәхи*

Аудармасы: Егер түрікке тонау жайлы сүйінші хабар берсең, оған пейіштің пейішінің сүйіншісін бересің.

Жаратушының көмегімен сардар бес мың әскерімен сыртынан келіп, бөлінбеген бойда өздерін сардарға (Тәуекел ханға Ғ.Қ.) жеткізеді және оны қолға түсіріп немесе өлтіріп туын алып желбіретеді. Содан кейін шашырап кеткен әскерге барады және өлтіреді. Егер де ештеңе істей алмаса (қазақтар Ғ.Қ.), онда патша амандықта болады. Әмірлер мен мемлекеттің үлкендері қолдау білдіреді. Пір-Мұхаммад хан:

«Сардарлықтың қалауы сізге барып тіреледі», дейді. Бес мың жүрегі бір жастарды бөліп алып Бақи сұлтанға тапсырады. Бақи сұлтан жерді сүйіп құрметін білдіреді. Келесі күні Пір-Мұхаммад хан әскерімен қаладан шығып кетеді де қаладан 3 фарсах жерге барып орналасады. Алдарына ор қазып, соғысқа дайындалады. Бұл хабар Тәуекел ханға жетісімен ол қатты қуанып, сол жерге бет алады. Келесі күні Пір-Мұхаммад орналасқан бір фарсактық жерге келіп орналасады және екі топ жүздесіп тағдыр қаламы бұл оқиғаны қалай жазса, тура жоғарыда толығымен баяндалғандай орын алады. Қабілет амалға айналып, мәміле алдын-ала келісілгендей болып орындалады. Пір-Мұхаммад тізгінін бұрып Бұхараға бет алады. Мұхаммад Бақи би біраз аялдап, ханның қалаға жеткенін күтеді. Аяқ-асты Мұхаммад Бақи биді қолға түсіреді де Тәуекел ханның алдына апарды және өлім күштырады. Дешті Қыпшақтың әскері тонауға кіріседі. Осы кезде Бақи сұлтан жасырынған жерінен шығып өзін Дешті Қыпшақтың әскері етіп көрседі де Дешті Қыпшақтың әскерінде тұрақсыздық пайда болады. Тәуекел ханды жарақаттап, аттан құлатады. Әскері жиналып атқа отырғызып алады. Бірақ жарақаты ауыр болғандықтан аялдауы екіталай болып, қашуға бет алады, Самарқандқа дейін аялдамайды. Бақи Сұлтан Тәуекел ханның туын қолына алып, Бұхараға қарай беттейді. Әскер шауып әрі тонап, көптеген олжаменен ту желбіреген тұсқа топ-топ болып беттейді. Жақындаған кезде ұстап алып бір адамды да қалдырмай бәрін қырып салады. Соншалықты әскердің өлгені 15 мыңдай Дешті Қыпшақтың адамы өлім құшады. Қалғандары даланы бетке алып, әрқайсысының жарты жаны қалып жан-жаққа қашады. Жандарында бөтен әскердің жоқ екеніне көз жеткізген соң Самарқандқа қарай оралады. Бірақ Бақи сұлтан өзінің бауыры Уәли сұлтанды Пір-Мұхаммадқа жіберіп Тәуекел ханның артынан қуып Самарқандқа кеткенін және «Сіз де аялдамай артымыздан жылдам келіңіз. Дешті Қыпшаққа дейін барамыз және қолымнан келгінінің бәрін жасаймын. Қызметіңізде боламын», деп хабар жібертеді. Аяқ астынан Тәуекел ханның жарақаты ауыр болып Самарқанд жолында қаза болады. Бауыры Есім сұлтан оның мәйітін алып Самарқанд қаласына кіреді. Көш пен өзіне қатыстыларды алып Ташкенге (Ташкент) келеді. Тура осы кезде Бақи сұлтан Самарқанға жетеді де бөгелмей<sup>1</sup> жүріп кетеді. Есім сұлтан қорыққаннан<sup>2</sup> Ташкенге аялдамай кетіп қалады. Бақи сұлтан Ташкенді бекітіп қайтып оралады Бұрынғы және жаңа өлкелер туралы көп сөз айтылады. Бақи сұлтан әдептілік үшін: «Бұхара Шыңғыстан тараған билеушілер мен үлкендердің астанасы. Әсіресе, Абдаллах ханның астанасы, ал қазіргі таңда Пір-Мұхаммадты Абдаллах ханның орнында деп есептейміз. Бұхараның астана болғаны ыңғайлы және басқа өлкелер хәзреті ханның ыхтиярында кімге беремін десе, өзі біледі», - дейді. Әмірлер мен мемлекеттің үлкендері Самарқандтың билігін Бақи сұлтанға берілгенін, басқа өлкелердің басқа әмірлерге, Пір-Мұхаммадтың Бұхараға оралуы дұрыс деп табады» (Жәлал, 1987:178-181).

Бұдан ары қарай Бақи Мұхаммадтың Самарқанның билеушісі болып тағайындалған соң өзін «хан» санағаны, қала маңындағы елді-мекендерді шапқандығы сөз болады. Содан Мианқаланы бер деп Пір-Мұхаммадқа адам жібереді, оған «жоқ» деген жауап алады. Әскерімен келіп Мианқала бекінісін алады. Ары қарай Пір-Мұхаммад пен Бақи сұлтанның арасында қақтығыс басталады.

Енді екі шығармадағы Тәуекел ханның Бұхараға жорығын бірнеше тақырыпқа бөліп қарастырып оның баяндалу ерекшелігіне талдау жасаймыз.

1. *Әскер саны:* «Тарих-и аламара-йи Аббаси» шығармасында Тәуекел ханның әскер саны 100 мың. Өзімен бірге 70-80 мың, ал Есім сұлтанда 20 мың. «Тарих-и Аббаси» шығармасында 70-80 мың. Бұхаралықтардың әскері 15 мың.

2. *Шайқастың ұзақтығы:* «Тарих-и аламара-йи Аббаси» бойынша Бұхарада 12 күн, Ұзын Сақалда бір айдай. «Тарих-и Аббаси»де негізгі шайқас бір күн. Ұзын Сақалдағы соғыс туралы мәлімет жоқ.

3. *Тәуекел ханның жарақат алуы.* «Тарих-и аламара-йи Аббаси» бойынша Тәуекел хан Ұзын Сақалда жарақат алады. Ал, «Тарих-и Аббаси» шығармасында Тәуекел хан Бұхарадағы шайқаста жарақат алады.

4. *Тәуекел ханды кім жарақаттайды?* «Тарих-и аламара-йи Аббаси» бойынша кім жарақаттағаны белгісіз. «Тарих-и Аббаси» шығармасында Тәуекел ханды Бақи сұлтан жарақаттап, аттан құлатады.

<sup>1</sup> түпнұсқада осы жерде бір сөйлем үзіліп қалған.

<sup>2</sup> түпнұсқада осы тұста бір сөйлем оқылмайды.

5. *Тәуекел ханның туы.* «Тарих-и аламара-йи Аббаси» шығармасында Тәуекел ханның туы сөз болмайды. «Тарих-и Аббаси» шығармасында Тәуекел ханның туы басты назарда болады және тудың жау қолына түсуі жеңіліске алып келеді.

6. *Есім сұлтан.* «Тарих-и аламара-йи Аббаси» бойынша Есім сұлтан ағасы Тәуекел ханға Бұхарадан үлкен әскермен жеңіліп Самарқандқа қашып келгені «*үлкен ұят*» екенін және қайта барып соғысу керектігін айтып адам жібереді. Тәуекел хан бауырымен келісіп қайтадан шайқасқа дайындалады және қарсыластармен Ұзын Сақалда қайта кездеседі. «Тарих-и Аббаси» шығармасында Есім сұлтан туралы мұндай мәлімет кездеспейді.

7. *Шайқаста қаза болғандар саны.* «Тарих-и аламара-йи Аббаси» бойынша қарсыластар жағынан белгілі адамдардан Сейд Мұхаммад сұлтан мен диуанбегі Мұхаммад Бақи аталық Ұзын сақалдағы түнгі шайқаста қаза болады. «Тарих-и Аббаси» бойынша Мұхаммад Бақи би мен қазақ әскерінен 15 мың адам Бұхарада өлім құшқаны жазылған.

8. *Ара ағайындық.* «Тарих-и аламара-йи Аббаси» бойынша нақшбандия шейхтары ара ағайындық жасап, Бақи Мұхаммад пен Ташкенттегі қазақ тайпасы уәлиінің арасында бейбіт бітім жасалады. «Тарих-и Аббаси» шығармасында бұл туралы айтылмайды.

9. *Өлең.* «Тарих-и аламара-йи Аббаси» шығармасында қазақ әскерінің тонауы туралы өлең кездеспейді. «Тарих-и Аббаси» шығармасында Бұхараны тонауға кіріскен қазақ әскеріне автор бір бейіт өлең арнаған.

10. *Көп әскердің аз әскерден жеңілуі немесе соғыс тактикасы.* «Тарих-и аламара-йи Аббаси» шығармасында Тәуекел ханның 70-80 мың қолмен келіп Бұхара қаласын 11 күн бойы қоршауда ұстағанда әскері шашырап кетеді. Қанша тырысқанымен Тәуекел ханның әскері Бұхара қаласының бекінісін бұзып кіре алмайды. Керісінше бұхаралықтар шайқастың 12-күні жан беріскен шайқасқа шығып, қазақтарды қашуға мәжбүр етеді. Аз ғана қолдың қайрат көрсеткені мен көп әскердің қашқанына қарап, Бұхараны алу үшін Тәуекел ханның нақты соғыс тактикасын ұстанбағаны байқалады. Үлкен қаланы қоршауда ұстаймын деп әскері шашырап, бейберекетсіздікке ұшырайды. «Тарих-и Аббаси» шығармасында Тәуекел ханның 70-80 мыңдай әскермен келіп, Бақи сұлтан құрған айлаға түсіп Бұхара қаласына қашқан әскердің соңынан қуып кіріп, тонаумен айналысады және оның соңы жеңіліске әкеледі. Бақи сұлтан «Тарих-и аламара-йи Аббаси» бойынша Бұхарадағы соғысқа қатыспайды, Ұзын Сақалда болған екінші шайқасқа Бұхара әскерінің соңынан келіп қосылады. «Тарих-и Аббаси»-да Бұхарадағы Тәуекел ханға қарсы соғыс тактикасын ұсынған адам Бақи сұлтан және осы тактиканы қолдану арқылы аз ғана әскерімен көп әскері бар қарсыласты жеңеді.

11. *Жәрдемнің келуі.* «Тарих-и аламара-йи Аббаси» шығармасында Пір-Мұхаммад хан мен оның жақтастары Тәуекел хан қашып кеткен соң, Бұхарадан шығып оның артынан қуады. Сол кезде Мәуереннахрдан, жан-жақтан жаттан қорғану үшін, яғни қазақтардың әскерінен қорғану мақсатында көп аламанжы жиналады. «Тарих-и Аббаси» шығармасында бұл туралы мәлімет кездеспейді. Бұхара әскері қолдарындағы бар күшпен нақты айла қолдану арқылы Тәуекел ханның бетін қайтарып, қашуға мәжбүр етеді.

Бұдан басқа, «Тарих-и аламара-йи Аббаси» шығармасында кездеспейтін, тек «Тарих-и Аббаси» шығармасында кездесетін бірер мәліметке тоқталамыз. Жоғарыда айтылған оқиғадан соң «Тарих-и Аббаси» шығармасында Есім сұлтан Самарқандқа келгені жайлы кішігірім мәлімет бар: «Тәуекел ханның бауыры Самарқандқа келеді, сол жердегі көптеген ауылдардың тұрғындарын көшіріп, Ташкентке жібереді. Осы қираған жерде үлкен тырысулар болады және өзі Самарқандты қоршап алады. Бұл жағдайдан мезі болып шара іздеу мақсатында Ноуде елді-мекенінің біраз адамын «кешірім сұрату» рәсімі бойынша сыртқа алып шығарады. Ол адамдарды өлтіруге үкім шығарып, Самарқандқа қайта оралады» (Жәлал, 1987: 202).

Осы оқиғадан тағы бір жыл өткен соң мынадай мәлімет бар: «Самарқандта амалдың жазуында 1010/1602 жылдың 12-рабиул-аууал жұлдызында Бақи-ханның Тәуекел ханның бауыры Есім сұлтанмен болған соғыста жеңілгендігі туралы және Бақи-ханның қашып Бұхараға жеткені туралы хабар жетті. Және мына рубайды патшаға жақын адам Баба Сұлтан Құми<sup>1</sup> жазған. Рубай:

<sup>1</sup>Баба Сұлтан Қаландар Құми – Шах Аббас I тұсында өмір сүрген дәруіш ақын.

*Сэд шүкр ке нәсл-е узбәкән шүд мәдум,  
Әз батин-е файаз имам мәсум  
Гуйанд иеки манде әз ишан бақи  
Бақи мәдум-у хал-е бақи мәлум»* (Жәлал, 1987:206)

Аудармасы: Өзбек нәсілінің жойылғанына мың шүкір, бұл бейкүнә имамның ішкі әлемінің пайдасынан. Олардан біреу қалды деп айтады. Қалғаны жоқ болды, қалғанының жайы мәлім. Яғни, Есім сұлтаннан қашып аман қалған бір топ жоқ болды, ал қалғанының жайы мәз емес.

Бұдан кейін Есім сұлтан туралы тағы мынадай мәлімет бар: «Хытай шекарасы жағынан өте көп жылан Минқабқа (тау жолына) келгенінен қалмақ жамағаты сол жыландардың кесірінен ауа көшіп Минқабқа келеді және Келді Мұхаммед хан мен Есім сұлтанның арасында Түркістан өлкесіне қатысты істер бойынша тартыс бар. Әлқисса, Мәуереннахрда тынышсыздық, соғыс пен бей-берекетсіздік» (Жәлал, 1987:218-219).

Молла Жәлал «Тарих-и Аббаси» шығармасында Есім хан жайлы бірқатар мәліметті келтірген. Біріншіден, Есім ханды – Тәуекел ханның бауыры, Есім сұлтан деп атаған. Бұл оқиғалар Тәуекел хан қаза болғаннан кейінгі оқиғалар. Демек, ол кезде Есім «сұлтан» емес «хан» болатын. Бірақ ирандық тарихшы барлық жерде Есім сұлтан деп атап көрсетеді. Екіншіден, Самарқанд маңындағы біраз жамағатты Ташкенге қарай көшіреді, Самарқандты қоршауда ұстап, бірақ ала алмаған соң Ноуде елді-мекенінің халқын өлтіруге үкім шығарады. Бұның бәрі ағасы Тәуекел ханның кегін алу үшін жасалған әрекеттер ме әлде бұл аймақтың әлі де болса билеушісі бола алатындығын еске түсіру ме? Үшіншіден, 1602-жылы Самарқандта Есім сұлтан мен Бақи сұлтан шайқасып, соңғысының жеңіліп Бұхараға қашқандығы сөз болады. Қашып құтылған Бақи сұлтанға арнап жазған Баба Сұлтан Қумидің өлеңі бар. Өлеңнің мағынасына қарап, өзбектердің жеңілгеніне қуанған Иран шахының көңіл-күйін аңғарамыз. Демек, қазақтардан Бақи сұлтанның жеңілгені Иран шахына тиімді болғаны байқалады. Төртіншіден, Шайбанилер әулетінен шыққан Ташкент билеушісі болған Келді Мұхаммед пен Есім ханның арасындағы Түркістан өлкесі үшін тартыс сөз болады. Мәуереннахрдағы берекетсіздік пен тартыстарды қадағалап отырған Иран шахының әрекетін байқалады. Бірақ, бұдан алдын Қытай шекарасы жағынан көп жыланның ауып, сол жыланнан қорыққан қалмақтар үдере көшеді. Бұл жердегі Минқаб жердің аты да болуы мүмкін<sup>1</sup> бірақ, ирандық тарихшы жердің атын шамалы өзгертіп жазған сияқты байқалады. Бұл сөздің екінші мағынасы таудағы жол дегенді білдіреді. Қалай болғанда да оқиға орын алған кездегі қалмақтардың жайынан хабар беретін қызықты дерек. Жалпы, парсы дереккөздерінде қалмақтар туралы мәлімет өте аз кездеседі. Ал «жоңғар» деген ел не ұлт аты кездеспейді. Молла Жәлалдың «жылан» дегені қытайлықтардың өзі де болуы мүмкін. Себебі, Қытайдың ежелден келе жатқан символы – аждаһа (жылан). Яғни, қытайлар көптігімен қалмақтардың қазақтар жаққа ығысуына себеп болған дегенді аңғартады.

**Қорытынды.** «Тарих-и аламара-йи Аббаси» және «Тарих-и Аббаси» шығармасындағы айырмашылықтар мен ұқсастықтарды талдай келе, мынадай қорытынды жасаймыз.

Біріншіден, мақалада қарастырған екі шығарманың деректері жақын, тіпті бір. Екі тарихшы бір-бірін жақсы таныған, бір сарайда өмір сүрген және бір патшаға қызмет еткен. Бірақ, баяндау тәсілі мен кейбір деректерінде айырмашылықтар бар. Ескендірбек Муншидің міндеті тарих жазу болғандықтан, барынша кең қамтуға тырысқан. Мысалы, Нақшбандия шейхтарының ара ағайындығы, Есім сұлтанның қайта шайқасқа шығуға ағасын үгіттеуі, Ұзын Сақалдағы бір айға жуық шайқас және т.б. деректерді келтірген. Молла Жәлал болса, кәсіби тарихшы болмағанмен өз көзімен көргендері мен естігендерін барынша дәл жеткізуге тырысқан және бұл деректері Ескендірбекте кездеспейді. Әсіресе, Бақи сұлтанның әскери тактикасын тайға таңба басқандай етіп баяндағаны мен Тәуекел ханды қолға түсіру не өлтіруді жоспарлағаны және Тәуекел ханның туын қолға түсіру арқылы жеңгенін атап көрсетуге болады. Ескендірбек қамтымағанды Молла Жәлал қамтыған немесе керісінше. Қорыта айтқанда екі автор бірін-бірі толықтырып отырған. Бұған қарап бір кезде орын алған оқиғаның бірнеше нұсқасы болғанын және Шах Аббас I сарайына түрлі нұсқалары жеткенін аңғарамыз.

<sup>1</sup>Минқаб – Иран жерінде Минқаб деген елді-мекен бар.

Ескендірбек сол тарихи оқиғаның біреуін алса, Молла Жәлал басқа бір нұсқасын пайдаланған. Айта кету керек жай, бір тарихи оқиғаның бірнеше нұсқада таралуы жиі кездеседі. Бұның бәрі орын алған тарихи оқиғаның ауқымына байланысты. Масшабы қаншалықты үлкен болса, баяндаушылары де куәгерлері де көп болатыны анық. Сондықтан баяндаушылардың, яғни тарихи оқиғаны жеткізушілердің бірнеше адам болғаны осы екі шығармадан анық көрініс тапқан деп айта аламыз. Демек, Тәуекел ханның Бұхараға жорығы сол кезде орын алған маңызды әрі ауқымды тарихи оқиғалардың бірі болған деуге болады.

Екіншіден, Есім сұлтанның Самарқандта қалып, Тәуекел ханның Бұхараға келуі «Тарихи Аббаси» шығармасында кездеспейді. Керісінше, Тәуекел хан бауырлары және үлкен қолмен Бұхараға келгендігі айтылады. Соған қарап, Тәуекел хан Есім сұлтанды Самарқандта қалдырмай бірге әкелуі мүмкін деген ой туады. Сонымен қатар, «Тарих-и аламара-йи Аббаси» шығармасында Бұхараны 12 күн бойы қоршап ала алмай Самарқандқа қашып келген Тәуекел ханды қайта соғысуға үгіттеген Есім сұлтан. Яғни, Есім сұлтан екі шығармада екі түрлі сипатталады. Біріншісінде, қайта соғысуға үгіттеген адам ретінде, екіншісінде ағасының жанындағы үзеңгілес бауыр ретінде. Олай болса, Есім ханға қатысты осы деректерді басқа дереккөздермен салыстыра отырып зерттеу керектігін аңғарамыз.

Үшіншіден, «Тарих-и аламара-йи Аббаси» шығармасында бұхаралықтардың 11 күн бойы қарсыласуға шамасы жеткенін, 12-күні үлкен-кіші бәрі шығып соғысқанын және Бұхара қаласына қазақтарды кіргізбегенін көреміз. Ал, Тәуекел ханның 70-80 мың әскерімен ешқандай айла қолданбай, тек қаланы қоршап соғысқаны мен әскерінің шашырап кеткені жазылған. Осы жерде бәрімізді мазалайтын сұрақ туындайды. Тәуекел хан қаншама рет қол бастап жорыққа аттанған тәжірибелі сардар бола тұра, Бұхара қаласын алу үшін қарсыласты сан соқтыратындай әскери тактика қолданбағаны қалай? Екі тарихи дереккөзде де Тәуекел ханның үлкен қолды бастап келіп, аз қолдан жеңіліс тапқанына куә боламыз. Бұл жерде қазақтың әскер саны көбейтіліп көрсетілуі мүмкін. Әсерлі болу үшін немесе оқиғаның масштабын үлкен етіп көрсету үшін әскер санын көбейтіп жазу бірқатар парсы дереккөздерінде кездеседі. Бірақ, қазақ ханының 100 мың әскерді жинай алу мүмкіндігі болғанын да жоққа шығаруға болмайды. Бұл әскердің біршамасын жаулап алған Самарқанд, Ташкент, Ақси, Әндіжан жеріндегі мойынсұнған халықтың есебімен толтыруы мүмкін жай. Бұндай ереже сонау Шыңғыс хан заманынан бар. Әскерге жауапты жүзбасы, мыңбасы мен түменбасылар қалайша әскерді жинап ұстамады деген сұрақ тағы бар. Әр шайқастың нақты мақсаты болады. Демек қазақ тарапының басты мақсаты Бұхараны біржолата қарату емес, тонап қайтып кету болса керек. Себебі «Тарих-и Аббаси» шығармасы бойынша қазақ әскері Бұхараға кіргеннен соң тонаумен айналыспай нақты соғыс тактикасын қолданғанда 70-80 мың әскерге 15 мың әскер қарсы тұра алмасы анық еді. Қорытындылай келе, қазақ әскерінің Бұхарада жеңілу себептері бірнешеу деп ойлаймыз. Соның бірі ауызбіршіліктің болмауы. Яғни, бұйрықтан шығып тонауға кіріскен әскер шашырайды және бұл жеңілуге әкеледі. Екінші себебі, қазақ жағы Бұхара қаласын біржолата қаратуды емес, қамалды алып, оны тонап сосын қайтып кетуді жоспарласа керек. Үшінші себебі, әскер санының көптігіне сенген қазақ жағы қарсыластың күшін төмен деп бағалаған. Демек, арнайы әскери айла қолданбай-ақ «Тарих-и аламара-йи Аббаси» бойынша қоршауда ұстау арқылы жеңеміз деп ойлауы қате шешім болғанын көреміз.

Төртіншіден, «Тарих-и Аббаси» шығармасында Ескендірбектің еңбегінде кездеспейтін Тәуекел ханның туы туралы мәлімет маңызды. Кез-келген хан жорыққа аттанғанда міндетті түрде өзімен бірге туын алып шығатын болған. Хандықтың туы, мемлекеттің туы қашанда үлкен мәнге ие. Тудың жерге құлауы, түсірілуі, жерге тапталуы немесе жаудың қолына түсуі орны толмас қателікке әкелетіні сөзсіз. Сондықтан «Тарих-и Аббаси» шығармасындағы Бақи сұлтанның арнайы жоспар құрып Тәуекел ханның туын қолға түсіруі ерекше назар аудартады. Бұл деректі Молла Жәлал кімнен алғаны белгісіз. Бірақ бұл мәліметтің құнды дерек екені дау туғызбайды. Сондықтан қазақ хандарының тақ пен тәжі, киімі, тиындары, туы, гербі т.б. атрибуттарын зерттеуге көмектесетін және әлі де зерттеуді қажет ететін тақырып.

Бесіншіден, Молла Жәлалдың Есім ханға қатысты мәліметтері де қызықты. Әсіресе, қалмақтарға қатысты мәлімет Ескендірбекте кездеспейді. Қытай шекарасы

жағынан көп жыланның шығуы және одан қорқып көшкен қалмақтар, Түркістан үшін Есім хан мен Келді Мұхаммед арасындағы тартыс және осының бәрі Иран шахының сарайына жылдам жетіп отырған. Ал осы мәліметтердің бәрін жылнамашылар нақ уақытынды жазып отырған. Енді талқылайтын мәселе – Молла Жәлалдың еңбегі қаншалықты шындыққа жанасады және ол келтірген деректерге сенуге болады ма деген сауал. Бұл туралы жан-жақты зерттеу жүргізген ирандық зерттеушілердің пікірінше Молла Жәлал мен Ескендірбек Мунши бір тарихты екі түрлі көзқараста жазған. Бірі тарихшы ретінде, екіншісі тарихи оқиғаның куәгері ретінде. Молла Жәлал Шах Аббас I жанында жүргендіктен көптеген тарихи оқиғалардың куәгері болған. Оның Ескендірбек Муншиге қарағанда патшаның жанында көбірек жүргенін тарихшылар атап көрсеткен. Сондықтан зерттеушілер Молла Жәлалдың «Тарих-и Аббаси» шығармасын маңызды дереккөз ретінде қарастырады (Фараби, Идриси, 2015:108-109]. Молла Жәлалдың қазақ хандарына қатысты келтірген деректеріне келсек, бұл мәліметтердің көбісін күнұзақ патша сарайында қызметте болғанда сарайға келген адамдардан естіп, түртіп отырған деп есептейміз. Оның үстіне Мәуераннахрдағы жағдайды Шах Аббас I жіті қадағалаған. Шайбанилер, одан кейін Аштарханилер әулеті Иран шахтарының қарсыластары болған. Кімнің тасы өрлеп, кімнің жеңілетінін алдын-ала білу арқылы саясатын өзгертіп отырған Шах Аббас I (1588-1629) ұзақ уақыт билікте болған деп айтуға болады.

«Тарих-и Аббаси» шығармасының тілі қарапайым және шах туралы баяндағанда тым асыра мақтамаған. Ескендірбек Мунши сарай тілінің барлық ерекшеліктерін сақтап жазған. Шахқа деген мақтауын да аямаған. Қорыта келе, бір заманда, бір сарайда өмір сүрген бір патшаның тарихын жазған екі тарихшының еңбектерінде айырмашылықтың болуы қалыпты жағдай деген ойға келеміз. Ескендірбек Муншидің «Тарих-и аламара-йи Аббаси» шығармасын Молла Жәлалдың «Тарих-и Аббаси» шығармасымен салыстырып зерттеген ирандық тарихшылар көп жайды анықтаған. Бірін-бірі толықтыратын екі шығарма деректанулық тұрғыдан маңызды еңбектерге жатады. «Тарих-и Аббаси» шығармасындағы қазақ хандарына қатысты мәліметтерді басқа да парсы тіліндегі және өзге шығыс тілдеріндегі деректермен салыстыра отырып зерттеуді қажет етеді. Және сол арқылы бұл деректердің тарихи шындығы ашыла түседі деген ойдамыз. Ол үшін деректанулық бағытта әлі көп жұмыс жасалып, әлі де жаңа парсы дереккөздерін анықтау қажет және бұл жұмыс алдағы уақыттың еншісінде деп ойлаймыз.

### Әдебиеттер тізімі

Абусейтова М. Х., Баранова Ю. Г. Письменные источники по истории и культуре Казахстана и Центральной Азии в XIII-XVIII вв. Алматы: Дайк-Пресс, 2001. С. 208-224; С. 210.

Жәлал М. Тарих-и Аббаси (Баспаға әзірлеген: С.Вахидийа). Тегеран: Вахид, 1366/1987. 500; 178-181 б.; 202 б.; 206 б.; 218-219 б.

Жәлал-сәни М. Тарих-и Аббаси. Тегеран университеті Орталық кітапханасы. Қолжазба № 4204. 26 п.

Из истории казахско-среднеазиатских отношений: события 1598-1599 годов // Казахстан в эпоху феодализма (пер. М. Х. Абусейтовой). Алма-Ата: Наука. 1981. [http://www.vostlit.info/Texts/rus10/Munschi\\_2/pred.htm](http://www.vostlit.info/Texts/rus10/Munschi_2/pred.htm)

История Казахстана в персидских источниках. Т. 5. / Отв. ред. М. Х. Абусейтова; сост. М. Х. Абусейтова. Алматы: Дайк-Пресс, 2007. С. 349-357.

Камал М. Тухфат аль-мунажжемин. Малек кітапханасы. Қолжазба № 6267. 298 п.

Материалы по истории туркмен и Туркмении, Том II. XVI-XIX вв. Иранские, бухарские и хивинские источники. (Пер. под ред. А.А. Ромаскевича). М.-Л.: АН СССР. 1938. 700 с.

Мир-Мұхаммед Садық. Тарих-и Аббаси [электрон. ресурс]. 2018 <http://lib.eshia.ir/23019/1/3116>(қаралған күні: 18.12.2020).

Савақев Ж. Тарихнегари аср-е Сефавие ва шенахт-е манабе ва маахаз. Тегеран: Навиде Шираз, 1380/2001. 62-63 pp.

Стори С. Персидская литература (Био-библиографический обзор. Т. II. Перевел с английского и переработал, дополнил Ю.Э. Брегель). М: Главная редакция «Восточная литература», 1972. С. 868-869.



Торкоман Е. Тарих-и аламара-йи Аббаси. (Баспаға дайындаған: И. Афшар. Т.П.). Тегеран: Амир Кабир, 1382/2003. – 552-553 pp.; 591-593 pp.

Петрушевский И. П. Очерки по истории феодальных отношений в Азербайджане и Армении в XIV- начале XIX вв. Л: Ленинградский государственный университет имени А.А. Джанова, 1949. С. 18-20.

Эфендиев О. Азербайджанское государство Сефевидов в XVI веке. Баку: Элм, 1981. 334 с.

Фэлсафи Н. Зиндагани-и шах Аббас-и аввал. Т. I-V. Тегеран: Мұхаммад Эли Илми, 1334/1956-1369/1989. 2102 б.

Фэлсафи Н. Зиндагани-и шах Аббас-и аввал. Т. IV-V. Тегеран: Мұхаммад Эли Илми, 1369/1989. 1319-1320 б.

Фараби Ш., Идриси М. Бэртэси татбиқи дидгаһҳои тарихнегари Искандербек Мунши ва Молла Жэлал Мунажжам Йэзди // Жустархай тарихи: Пэжугешгахе улум инсани ва муталеате фарханги. 1394/2015, Сал-и шешум, №1, Бахар ва табестан. 93-94 pp.; 108-109 pp.

Quinn Sh. A. Historical writing during the reign of Shah ‘Abbas: Ideology, Imitation and Legitimacy in Safavid Chronicles. Salt Lake City: University of Utah Press, 2000. 197 p.

Rieu Ch. Catalogue of the Persian manuscripts in the British Museum. Vol. I.London: Gilbert and Rivington, 1879.184-185 pp.

Savory R. Studies on the history of Safawid Iran (Парсы тіліне аударғандар: А. Ғаффарифард, М. Арам). Тегеран: Амир-Кабир, 1382/2003. 405 б.

### References

Abuseitova M. Kh., Baranova Yu. G. Pismennye istochniki po istorii i culture Kazakhstana i Centralnoy Azii v XIII-XVIII vv (Written sources on History and Culture of Kazakhstan and Central Asia in XIIIth-XVIIIth centuries). Almaty: Daik-Press, 2001. 208-224 pp.; 210 p. [in Russian]

Efendyev O. Azerbaizhanskoe gosudarstvo Sefevidov v XVI veke (The Azerbaijani state of the 16th century). Baku: Elm, 1981. 334 p. [in Russian]

Falsafi N. Zendegani shah Abbas-iavval. Vol. I-V. (Biography of Shah Abbas I). Tehran: Mohammad Ali Ilmi, 1334/1956-1369/1989. 2102 p.) [in Persian]

Falsafi N. Zendegani shah Abbasi-iavval (Biography of Shah Abbas I) Vol. IV-V. Tehran: Mohammad Ali Ilmi, 1369/1989. 1319-1320 pp.) [in Persian]

Farabi Sh., Idrisi M. Barrasitat biqididgha haye Tarikh negari Iskanderbek Monshiva Molla Jalal Monajjam Yazdi (Comparative research on historiography of Iskanderbek Monshi and Molla Jalal Monajjam Yazdi), Justarhayeh tarikhhi: Pajuhesh gaheulu minsani vamotae late farhangi (Historical researches in humanities and culture). 1394/2015, Sal-isheshom, №1, Baharvatabestan. 93-94 pp.; 108-109 pp. [in Persian]

From the history of Kazakh-Central Asian relations: the events of 1598-1599 // Kazakhstan in the era of feudalism (translated by M.Kh. Abuseitova). Alma-Ata: Science. 1981.[http://www.vostlit.info/Texts/rus10/Munschi\\_2/pred.htm](http://www.vostlit.info/Texts/rus10/Munschi_2/pred.htm). [in Russian]

Jalal-sani M. Tarikh-i Abbasi. (History of Abbas). Tehran University Central Library, Manuscript № 4204, 26 folio) [in Persian]

Jalal M. Tarikh-i Abbasi (History of Abbas) Edited by S.Vahidnya. Tehran: Vahid, 1366/1987. 500 p; 178-181 pp.; 202 p.; 206 p.; 218-219 pp. [in Persian]

Kamal M. Tukhfat al-monajjemini (The gift of astrologers). Malek Library, Manuscript №6267, 298 folio. [in Persian]

Materials on the history of the Turkmen and Turkmenia, Volume II. XVI-XIX centuries Iranian, Bukhara and Khiva sources. (Per. Under the editorship of A.A. Romaskevich). M.-L.: Academy of Sciences of the USSR. 1938.700 p. [in Russian]

Mir-Mohammad S. Tarikh-i Abbasi (History of Abbas) 2018. Available at <http://lib.eshia.ir/23019/1/3116> (Accessed: 18.12.2020) [in Persian]

Petrushevsky I.P. Ocherki po istorii feodalnykh otnosheniy v Azerbaidzhanе v Armenii v XIV-nachale XIX vv. (Essays on the history of feudal relations in Azerbaijan and Armenia in the XIV - early XIX centuries). L: Leningradsky gosudarstvennyy universitet imeni A. A. Zhdanova, 1949. 18-20 pp.) [in Russian]

Quinn Sh. A. Historical writing during the reign of Shah ‘Abbas: Ideology, Imitation and Legitimacy in Safavid Chronicles. Salt Lake City: University of Utah Press, 2000. 197 p. [in English]

Rieu Ch. Catalogue of the Persian manuscripts in the British Museum. Vol. I. London: Gilbert and Rivington, 1879. 184-185 pp. [in English]

Savaqeb Zh. Tarikhnegarias-e Safawiyevashtakht-e manabavama'khaz (Historiography of the Safawid period and Study on the related sources). Tehran: Navide Shiraz, 1380/2001. 62-63 pp.) [in Persian]

Savory R. Studies on the history of Safawid Iran (Translated into Persian by A. Ghaffarifarid, M. Aram). Tehran: Amir-Kabir, 1382/2003. 405 p. [in Persian]

Storey Ch. Persian literature. A bio-bibliographical survey (Translated into Russian and revised, with additions and corrections by Yu. E. Bregel. Vol. II.). Moscow: Central department of Oriental Literature, 1972. 868-869 pp. [in English]

Torkoman E. Tarikh-ialamara-ye Abbasi (Abbas's world-crushing story). Edited by Afshar I. Vol. I. Tehran: Amir Kabir, Tehran. 1382/2003, 552-553 pp.; 591-593 pp.) [in Persian]

FTAMP 03.20.00

DOI 10.51943/1814-6961\_2021\_2\_29

### БІРЛІК ТУЫ» – ТҮРКІСТАН ӨЛКЕСІ БОЙЫНША ҚҰНДЫ ТАРИХИ ДЕРЕККӨЗ РЕТІНДЕ

Байдильдина Феллан Сауле Хайрулловна<sup>1</sup>, Раджапов Анарбай Ускенбаевич<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Ғұмарбек Дәукеев атындағы АЭЖБУ. Қазақстан, Алматы.

\*Автор-корреспондент

E-mail: s.baidildina@aes.kz (Байдильдина), a.rajabov@aes.kz (Раджапов)

**Түйіндеме.** XX ғасырдың басындағы Қазақ өлкесіндегі қалыптасқан саяси ахуал, қазақ ауылы мен қазақ халқының өмірі, тұрмыс-тіршілігін зерделеуде сол жылдары шығып тұрған қазақ мерзімді басылымдарының орны бөлек. Соның бірі – «Бірлік туы» газеті.

Газет негізінен Түркістан аймағының Сырдария және Жетісу облыстарындағы қалыптасқан қоғамдық-саяси ахуал, аймақтың әлеуметтік-экономикалық жағдайы мен халықтың тұрмыс-қарекетінен құнды мәліметтер береді. «Бірлік туы» Түркістан аймағы тұрғындарын тұтас қазақ өлкесінің тыныс-тіршілігінен де хабардар етіп отырған.

«Бірлік туы» өзінің қысқа ғұмырына қарамастан ақпан және қазан төңкерістерінен кейінгі қазақ халқының тұрмысы, үміті мен арман-мұраты, сол жылдардың қиыншылықтары мен ауыртпалықтары туралы ақпараттарды жариялай отырып, халықтың саяси ой-өрісін кеңейтіп қалыптастыруға септігін тигізген басылымның бірі екендігі даусыз.

**Кілт сөздер:** «Бірлік туы», баспасөз, Түркістан өлкесі, Уақытша үкімет, кеңес өкіметі, Сырдария облысы, Жетісу облысы, әлеуметтік ахуал, ашаршылық, қазақ зиялылары.

МРНТИ 03.20.00

### «БІРЛІК ТУЫ» КАК ЦЕННЫЙ ИСТОРИЧЕСКИЙ ИСТОЧНИК ПО ИСТОРИИ ТУРКЕСТАНСКОГО РЕГИОНА

Байдильдина Феллан Сауле Хайрулловна<sup>1</sup>, Раджапов Анарбай Ускенбаевич<sup>1</sup>

<sup>1</sup>АУЭС имени Гумарбека Даукеева. Казахстан,

\*Автор-корреспондент

E-mail: s.baidildina@aes.kz (Байдильдина), a.rajabov@aes.kz (Раджапов)

**Аннотация.** Значительная роль в изучении повседневной жизни казахского народа, традиционного быта казахского аула, политической ситуации, сложившейся в Казахском крае в начале XX века принадлежит периодическим изданиям, выходящим на казахском языке, среди которых газета «Бірліктуы» занимает особое место.

**МАЗМҰНЫ  
СОДЕРЖАНИЕ  
CONTENTS**

**ДЕРЕКТАНУ ЖӘНЕ ТАРИХНАМА  
ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ И ИСТОРИОГРАФИЯ  
SOURCE STUDING AND HISTORIOGRAPHY**

<b>Имангалиев А., Дүкенбаева З.</b> ИБН ХАЛЛИКАН ЖӘНЕ АҚЖАН ӘЛ-МАШАНИДІҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ӘЛ-ФАРАБИ.....	5
<b>Қамбарбекова Ғ.Ә.</b> «ТАРИХ-И АББАСИ» («РУЗНАМА-ЙЕ МОЛЛА ЖӘЛАЛ») ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНА ҚАТЫСТЫ ДЕРЕКТЕР.....	16
<b>Байдильдина Феллан С.Х., Раджапов А.У.</b> «БІРЛІК ТУЫ» – ТҮРКІСТАН ӨЛКЕСІ БОЙЫНША ҚҰНДЫ ТАРИХИ ДЕРЕККӨЗ РЕТІНДЕ.....	29
<b>Карамендина М.Ө.</b> ҚЫРҒЫЗ-ҚАЗАҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫНЫҢ ТАРИХНАМАСЫ.....	40

**ОРТА ҒАСЫРЛАР ТАРИХЫ  
СРЕДНЕВЕКОВАЯ ИСТОРИЯ  
MEDIEVAL HISTORY**

<b>Атыгаев Н.А.</b> КАЗАХСКОЕ ХАНСТВО И МОГУЛИСТАН В XV – НАЧАЛЕ XVI В.....	57
--	----

**ЖАҢА ЗАМАН ТАРИХЫ  
НОВАЯ ИСТОРИЯ  
NEW HISTORY**

<b>Абдулина А.Т.</b> К ПРАКТИКЕ МИССИОНЕРСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ РУССКОЙ ПРАВОСЛАВНОЙ ЦЕРКВИ В СЕМИРЕЧЬЕ.....	66
---	----

**КЕҢЕС ДӘУІРІ ТАРИХЫ  
ИСТОРИЯ СОВЕТСКОГО ПЕРИОДА  
SOVIET PERIOD HISTORY**

<b>Бәкір Ә.Қ., Тайман С.</b> МҰСТАФА ШОҚАЙ ТӘУЕЛСІЗ ҰЛТТЫҚ МЕМЛЕКЕТ ТУРАЛЫ.....	80
<b>Санъязов Е.</b> АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ ЖЕР МӘСЕЛЕСІН РЕТТЕУДЕГІ ҚЫЗМЕТІ (СЕМЕЙ ӨҢІРІ МЫСАЛЫНДА).....	92
<b>Көкебаева Г.К.</b> КЕҢЕС-ГЕРМАН МАЙДАНЫНДАҒЫ СОҒЫС ТҮТҚЫНДАРЫНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ СТАТУСЫН АНЫҚТАУ МӘСЕЛЕСІ.....	101

**Касымова Д.Б., Қудайбергеноулы Б.**  
 НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ ВОПРОСОВ ЯЗЫКОВОЙ  
 ПОЛИТИКИ В ПОСЛЕВОЕННОЕ ВРЕМЯ И ПОЗИЦИЯ  
 РУКОВОДСТВА КАЗАХСКОЙ ССР.....114

**Аминов Т., Талгатбеков А.**  
 ЖУМАБАЙ ШАЯХМЕТОВ – ВЫДАЮЩИЙСЯ  
 КАЗАХСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ И ОБЩЕСТВЕННЫЙ ДЕЯТЕЛЬ.....127

**Бекмагамбетов Р.К., Бекмагамбетова М.Ж.**  
 СОВЕТСКОЕ ДЕТСТВО КАЗАХСТАНА В 60-Е ГОДЫ XX ВЕКА  
 (ПО МАТЕРИАЛАМ ГАЗЕТЫ «КАЗАХСТАНСКАЯ ПРАВДА»).....142

**Шашаев Ә.Қ., Зикирбаева В.С.,  
 Мурзаходжаев Қ.М., Мрзабаева Р.Ж.**  
 ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АЛҒАШҚЫ ҚОҒАМДЫҚ  
 ҰЙЫМДАРДЫҢ АҒАРТУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ.....157

**ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ  
 ИСТОРИЯ НЕЗАВИСИМОГО КАЗАХСТАНА  
 INDEPENDENT KAZAKHSTAN HISTORY**

**Kassymova D., Litvin D.**  
 UKRAINIAN ETHNO-CULTURAL CENTERS IN ALMATY CITY AND  
 ALMATINSKAYA OBLAST: CURRENT SITUATION AND CHALLENGES.....170

**ДҮНИЕЖҮЗІ ТАРИХЫ  
 ВСЕМИРНАЯ ИСТОРИЯ  
 HISTORY OF THE WORLD**

**Каримова З.К., Меделбай А.А.**  
 ТҮРКІЯНЫҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ «ЖҰМСАҚ КҮШ»  
 САЯСАТЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ МЕХАНИЗМДЕРІ МЕН ӘДІСТЕРІ.....179

**Ahmet Burçin Yereli, G. Мовкебаева, А.К. Toguzbayeva**  
 SOME PROBLEMATIC ASPECTS OF THE CUSTOMS  
 AND LOGISTICS SPHERE OF THE EURASIAN ECONOMIC UNION.....188

**Басуға 15.07.2021 қол қойылды**  
Шартты баспа табағы –12,5  
Офсеттік басылым  
Таралымы 150 дана.

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы  
Тарих және этнология институты, «Отан тарихы»  
журналының редакциясында басылды